

Қарғалы ауданы мәслихатының 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 159 "Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 377 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 2 қазандағы № 37030 болып тіркелді

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарғалы аудандық мәслихатының "Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 159 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8578-04 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегінің көрсетілген мөлшері мен қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 1 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Ережесі бекітілсін".

Көрсетілген шешіммен бекітілген Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібінде:

Тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарғалы ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен ережелері";

9 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.";

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарғалы аудандық
мәслихатының төрағасы

С. Аманжолов